

Бекітемін
ЖШС «Нұрби» Мектеп-
бөбекжай-бақша кешені»
менгерушісі

М.Мираманова

2023 ж



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұрби» Мектеп- бөбекжай- бақша кешені»

Топ / сынып: ерте жастағы топ

Балалардың жасы: 1 жастағы балалар

Кезең: мамыр 2023 ж

Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. Еденнен 12–18 сантиметр жоғары көтерілген арқаннан немесе таяқтан аттап жүру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Құрсаудан еңбектеп өтуге үйрету (диаметрі 45 сантиметр).</p> <p>Домалату, лақтыру. Допты алға, жоғары лақтыру, бала кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға, қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге, сорпа тамақты ішуге, ересектің көмегімен майлықты қолдануға үйрету.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Таяныштан ұстап, жүрелеп отыру, секіруге үйрету.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөзді түсіну. Таныс заттарды ересектердің көмегімен түсі бойынша таңдау. Жануарлардың қимылын (лақ секіреді, құс ұшады), дыбыстауын (қозы маңырайды: мэээ, бұзау мөңіреді: мөөө, мысық мияулайды), адамның қимылын (жүреді, жүгіреді, билейді) білдіретін сөздерді түсіну және дыбыстық тіркестерді атау.</p> <p>Белсенді сөйлеуді дамыту. Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (амандасу, коштасу, рахмет айту).</p> <p>Күнделікті өмірдегі, суреттегі заттардың атын атау, ересектер мен құрдастарынан көмек сұрау, өтініш білдіру, еліктеу бойынша жаңа сөздерді екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру. Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған талаптарды орындау. Ересектердің сөзін қайталау арқылы дұрыс сөйлеу дағдыларын, ана тілінің грамматикалық нормаларын ескеріп, сөйлемдерді құруды қалыптастыру.</p>
Көркем әдебиет	Кітаптардағы суреттерді өз бетінше қарауға, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсетуге мүмкіндік беру. Көркем сөзге, мәнерлеп сөйлеуге қызығушылықты ояту.
Сенсорика	Біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін заттармен әрекет жасау, дидактикалық ойындар барысында және тұрмыста балалардың

	сенсомоторлық «көз бен қолды» үйлестіре білуді дамыту.
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Өлі табиғат заттарының қасиеттерімен (су, құм, тас) таныстыру, ойын арқылы түсіну (суды құю, төгу, шашу, құмды салу, шашу, жинау, мүсіндеу, тасты жинау, қалау).</p> <p>Көгөністер (қызанақ, қияр, сәбіз) мен жемістердің (алма, алмұрт, шие, өрік) сыртқы түрін тану және атауларын білу. Өсімдіктердің (ағаш, жапырақ, гүл) өзін немесе оларды суретінен тану және атауға үйрету.</p> <p>Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (өсімдіктерді, бөгде және лас заттарды ұстамау, ауызға салмау, сондай-ақ құммен және сумен ойындарда лас суды ішпеу және төкпеу, құмды, топырақты шашпау).</p> <p>Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру, «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру.</p>
Мүсіндеу	Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.
Музыка	Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау).

Бекітемін
ЖШС «Нұрби» Мектеп-
бөбекжай-бақша кешені»
менгерушісі

М.Мираманова
«» 2022 ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022/2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы ЖШС «Нұрби» Мектеп- бөбекжай- бақша кешені»

Топ/сынып: ерте жас тобы

Бала жасы: 1 жастағы балалар

Кезеңі: қараша 2022 ж

Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар</p> <p>Жүру. Нысанаға дейін тура жолдың бойымен (ені 25–30 сантиметр, ұзындығы 2–3 метр) жүру, ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен жүру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Доғаның, орындықтың астынан төрт тағандап 2 метр қашықтыққа дейін еңбектеп өту. Шағын саты бойымен жоғары өрмелеу.</p> <p>Домалату, лақтыру. Допты бір қолмен және екі қолмен ұстауды дамыту, көлемдері әртүрлі доптар мен шарларды жинау.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға, қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге үйретуді жалғастыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығу. Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бұғу және қайта жазу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөзді түсіну. Учить показывать и называть отдельные части своего тела и игрушек-животных (руки, ноги, голова, рот, глаза, уши).</p> <p>Белсенді сөйлеуді дамыту. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстауды жетілдіру. Белсенді сөздікті жақын адамдардың атауларымен (ана, әке, ата, әже), күнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың атауларымен (кесе, төсек, үстел, аю, қуыршақ) толықтыру.</p> <p>Белсенді сөйлеу. Дыбыстық тіркестерді жалпы қолданыстағы сөздермен ауыстыруға (бәә – бота, мәә – қозы, мөө – бұзау, мээ – лақ, мияу – мысық, аб-аб – ит), туыстық атауларды (аға, апа, тәте, көке), төрт түліктің (ат, тай, бота), жиі қолданылатын азық-түлікті (нан, шәй, май, сүт, көже) білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу.</p>
Көркем әдебиет	Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, әңгімелерді, ертегілерді тыңдай білуге үйрету.
Сенсорика	Заттарды ұяға олардың мөлшеріне немесе пішініне сәйкес орналастыру бойынша тапсырмаларды орындау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру. Фотосуреттерден өзін, құрдастарын тану. Өзіне жақын ересектер мен құрдастарына жағымды қарым-қатынас таныту (күлімсіреу, басын изеу, қолын бұлғау)..
Мүсіндеу	Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту. Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу.
Музыка	Көңілді және баяу музыкамен таныстыру. Мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңіл-күйін эмоционалды қабылдауды үйрету

Бекітемін
ЖШС «Нұрби» Мектеп-
бөбекжай-бақша кешені»
менгерушісі
М.Мираманова
« Нұрби » 2023 ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022/2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы ЖШС «Нұрби» Мектеп- бөбекжай- бақша кешені»

Топ/сынып: ерте жас тобы

Бала жасы: 1 жастағы балалар

Кезеңі: қаңтар 2023 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. Ересектің көмегімен модульге (биіктігі 10–15 сантиметр) шығу және одан түсу, еденде жатқан лентадан (арқаннан, таяқтан) аттап өте білуге үйрету.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Шағын саты бойымен жоғары-төмен өрмелей білуді (биіктігі 1 метр) дамыту.</p> <p>Домалату, лақтыру. Допты екі қолмен алға лақтыру, допты алға домалату, допты (диаметрі 6–8 сантиметр) төменге, қашықтыққа лақтыра білуге үйрету.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыны және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдысын қалыптастыру. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға, қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге, сорпа тамақты ішуге үйрету, ересектің көмегімен майлықты қолдана білуге үйретуді жалғастыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: қолдың саусақтарын жұмып, ашу, бұғу және қайта жазу, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп ала білуге үйрету.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөзді түсіну. Тұрмыстық және ойын әрекеттерін жуыну, қыдыру; заттардың түстерін: қызыл, көк, карама-қарсы өлшемдерді: үлкен, кіші, фигураларды: текше, кірпіш білдіретін сөздерді атауға және көрсетуге үйрету.</p> <p>Белсенді сөйлеуді дамыту. Белсенді сөздікті белгілі қимылдарды: ал, бер, аш, тұр, жібер, ұйықта, бар дегенді білдіретін сөздермен толықтыру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, әңгімелерді, тақпақтарды, бесік жырларын тыңдай білуді дамыту, шығарманы оқып беруді суреттер, ойыншықтар, әрекеттерді көрсетумен (әңгімелеу) сүйемелдеу.</p>
Сенсорика	<p>Заттардың көлеміне (үлкен, кіші), түсіне (қызыл, көк) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттерді (ашу - жабу, өткізу - шығару, домалату, қадау, сабақтау, қою, байлау, төсеу) орындай білуге үйрету.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Балаларды өлі табиғат заттарымен (су, құм, тас) таныстыру, олармен әрекет етуді көрсету (сумен жуыну, құммен ойнау, тастарды жинау).</p>
Мүсіндеу	<p>Балалардың ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеуді жетілдіру жұмысын жалғастыру.</p>
Музыка	<p>Балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңіл-күйін эмоционалды қабылдауды, ересектің көрсетуі бойынша сәйкес қимылдармен сүйемелдеуді, қосылып ән айтуды үйрету (айта алуына қарай). Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату; оларды өз бетінше орындауға үйрету.</p>

Бекітемін
 ЖШС «Нұрби» Мектеп-
 бөбекжай-бақша кешені»
 меңгерушісі
 М.Мираманова
 « » 2022 ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022/2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы ЖШС «Нұрби» Мектеп- бөбекжай- бақша кешені»

Топ/сынып: ерте жас тобы


Бала жасы: 1 жастағы балалар

Кезеңі: желтоқсан 2022 ж

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Жүру. Ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 сантиметр) жүру. Еңбектеу, өрмелеу. Доғаның, орындықтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту, 2 метр қашықтыққа дейін. Шағын саты бойымен жоғары-төмен өрмелеуге (биіктігі 1 метр) үйрету. Домалату, лақтыру. Допты өз бетінше себетке (жәшікке) салу, шарларды домалату. Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға, қою және сұйық тамақты қасықпен өз бетінше жеуге, ересектің көмегімен майлықты қолдануға үйретуді жалғастыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бұғу және қайта жазуды дамыту. Қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен қаратуды үйрету.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөзді түсіну. Өз дене мүшелерін және ойыншық жануарлардың дене мүшелерін (қол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ) білдіретін сөздерді көрсету және атап айта білуді дамыту. Белсенді сөйлеуді дамыту. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстау. Белсенді сөздікті жақын адамдардың атауларымен (ана, әке, ата, әже), күнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың, тағам атауларымен (ботқа, су, сүт) толықтыру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Көркем әдебиетті қабылдаудың қызығушылығын ояту. Шағын мазмұны, қою және түсінікті өлеңдерді, әңгімелерді, тақпақтарды, бесік жырларын тыңдату.</p>
Сенсорика	<p>Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау жұмысын жетілдіру, белгілі реттілікпен жинау</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Жақын ортадағы заттар мен табиғат құбылыстарына деген қызығушылықты ояту</p>
Мүсіндеу	<p>Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеуді жетілдіру.</p>
Музыка	<p>Балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңіл-күйін эмоционалды қабылдауды, ересектің көрсетуі бойынша сәйкес қимылдармен сүйемелдеуді, қосылып ән айтуды үйрету (айта алуына қарай).</p>

Бекітемін
**ЖШС «Нұрби» Мектеп-
бөбекжай-бақша кешені»**
меңгерушісі

М.Мираманова
«**Нұрби**» 2023 ж



Білім беру ұйымы ЖШС «Нұрби» Мектеп- бөбекжай- бақша кешені»
Топ/сынып: ерте жас тобы
Бала жасы: бір жастағы балалар
Кезеңі: наурыз 2023 ж

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүру. Жұмсақ модульге немесе гимнастикалық тақтайға көтерілу және одан түсу қабілетін дамыту.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Бөренеге көтеріле білуге үйрету (диаметрі 15–20 сантиметр). Домалату, лақтыру. Допты алға лақтыру қабілетін дамыту.</p> <p>Мәдени-гигиеналық және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолды жууды, қою және сұйық тағамдарды қасықпен өз бетінше жеуді, ересек адамның көмегімен майлықты қолдануды үйренуді жалғастыру.</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулары. Тұрып, отырып, оңға және солға бұрылуды үйрету.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөзді түсіну. Күнделікті өмірге байланысты қарапайым сөз тіркестерін түсінуге, өтініштерді орындауға, ойыншықтармен қарапайым сюжеттік ойындар ойнауға, күнделікті жағдайларды бейнелейтін 1–3 әрекетті көрсетуге үйрету.</p> <p>Белсенді сөйлеу. Дыбыстық тіркестерді жалпы қолданыстағы сөздермен ауыстыруға (бәә – бота, мәә – қозы, мөө – бұзау, мээ – лақ, мияу – мысық, аб-аб – ит), туыстық атауларды (аға, апа, тәте, көке), төрт түліктің (ат, тай, бота), жиі қолданылатын азық-түлікті (нан, шәй, май, сүт, көже) білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу).</p>
Көркем әдебиет	<p>Көрнекіліксіз таныс мазмұны қарапайым шығармаларды тыңдау, олардың мазмұнына эмоциямен жауап беру, шығарма мәтінінің кейбір сөздерін қайталау және мазмұнында айтылатын қарапайым әрекеттерді, дыбысқа еліктеу мен ойын әрекеттерін орындау.</p>
Сенсорика	<p>Балалардың сенсорлық тәжірибесін байытуды жалғастыру. Өлшемі бойынша заттарды ажырата білу, ересектің көмегімен 4–5 сақинадан (үлкенінен кішіге қарай) тұратын пирамиданы жинау. Тиісті пішіндегі (дөңгелек, шаршы) қораптар мен қобдишаларға қақпақтарды таңдау, екі бөліктен тұратын қиылған суреттерді жинау. Күрделі заттармен әрекеттерді орындау – сақиналары бар таяқшамен, торлы дорбамен, күрекшемен сәйкес келетін ойыншықтар мен шарларды жылжыту, алу және орындарын ауыстыра білу, қазықшаларды ылғал құмға балғамен қағып, кіргізе білу.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Гүлдеп тұрған өсімдікті бақылау, оның бөліктерін (гүл, жапырақ) көрсету. Қоршаған ортадағы жануарларды көрсету, олардың дауыстарын (қозы – мәә, бұзау – мөө, мысық – мияу, ит – аб-аб) келтіру. Өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушылықтарын ояту, оларға қамқор болуға баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.</p>
Музыка	<p>Балалардың музыканы есте сақтауын дамыту, таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдауға баулу, оны соңына дейін тыңдауға үйрету. Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау.</p>

Бекітемін

ЖШС «Нұрби» Мектеп-
бөбекжай-бақша кешені»
менгерушісі

М.Мираманова
« » 2023 ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

Білім беру ұйымы ЖШС «Нұрби» Мектеп- бөбекжай- бақша кешені»

Топ/сынып: ерте жас тобы

Бала жасы: бір жастағы балалар

Кезең: сәуір 2023 ж

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүру. Еденнен 12–18 сантиметрге көтерілген арқан немесе таяқтың үстінен өтуге үйрету. Еңбектеу, өрмелеу. 35–40 сантиметр биіктікке көтерілген арқанның астынан еңбектей білуге үйрету. Домалату, лақтыру. Допты жоғары лақтыру, баланың кеуде деңгейінде созылған таспаның үстіне лақтыру қабілетін дамыту. Мәдени-гигиеналық дағдылар және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Заттарды бір-біріне беруді, алға иілуді, түзетілуді үйрету.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөзді түсіну. Сөздік қорды кеңейту. Заттардың түсін (қызыл, көк, сары, жасыл), көлемін (үлкен, кішкентай), заттардың күйін (таза, лас), уақытша (қазір) және сандық (бір, көп) қатынасты білдіретін сөздерді түсіне білуге үйрету, тілек білдіру үшін қажетті сөздер (жеу, ұйықтау, су ішу) және дене мүшелерін білдіретін сөздер. Белсенді сөйлеуді дамыту. Ойыншықтардың, киімдердің, ыдыстардың, көлік түрлерінің атауларын білдіретін зат есімдер арқылы сөздік қорын кеңейтіп, байыту; тұрмыстық (киіну, жуыну), ойын (ойнау, айналдыру, салу) іс-әрекеттерін, карама-карсы мағынадағы іс-әрекеттерді білдіретін етістіктер (ашу – жабу, шешу – кию); заттардың түсін, пішінін білдіретін сын есімдер.</p>
Көркем әдебиет	<p>Таныс көркем мәтіндердің мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, оларды ойындарға, спектакльдерге қатысуға тарту, оларда жинақталған тәжірибені өз бетінше пайдалануға мүмкіндік беру. Үстелді, саусақ театрларын өз бетінше ойнау.</p>
Сенсорика	<p>Балалардың сенсорлық тәжірибесін байытуды жалғастыру. Біртекті заттарды бір белгісіне қарай топтастыруға үйрету: пішіні, түсі; қолдың ұсақ моторикасын дамыту, заттармен әрекеттерді орындау; дидактикалық ойындар кезінде және күнделікті өмірде балаларда «көз-қол» сенсомоторлы координациясын қалыптастыру. Әртүрлі дыбыстарды шығаратын заттарды (қоңырау, металл ілулі таяқшалар, твиттер ойыншықтары, музыкалық ойыншықтар) таныстыру; қабылдауды дамыту үшін: бір мезгілде екі қасиетті ажырату: түсі мен өлшемі, пішіні мен өлшемі, пішіні мен түсі, төрт негізгі түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажырату.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Оларды туыстық байланыстарды (ана, әке, аға, әпке, әже, ата) бойына сіңіруге, қоршаған кеңістікте (бөлме – пәтер, үй – кіреберіс, аула – ойын</p>

	<p>алаңы) шарлау, күнделікті өмірде жиі қолданылатын заттарды тануға ынталандыру.</p> <p>Ересектермен (дауысты тыңдау, қимылдарға еліктеу, көмек сұрау) және құрдастарымен (әрекеттерді бақылау, ойнап жатқан құрбысына жақын болу, ойыншықтармен алмасу) өзара әрекеттесуге тарту, балалар мен ересектердің бірлескен ойындарына жағдай жасау (доппен ойнау, құм, су).</p> <p>Мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру: амандасу, қоштасу, алғыс айту.</p> <p>Баланың құрбыларына деген ізгілікті қарым-қатынасының мысалдарын белгілеу. Эмпатия мен жауап беруді ынталандыру.</p> <p>Балаларды құрбыларының және айналасындағы ересектердің көңіл-күйіне жауап беруді ынталандыру (күлімсіреу – қуаныш, жылау – реніш).</p>
Мүсіндеу	Жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу, алынған пішіндерді өз қалауы бойынша біріктіру, пайдаланылған материалды ұқыпты ұстау дағдыларын дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.
Музыка	Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты тудыру (мысалы: мысық мияулайды, ара ызылдайды).

Жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу, алынған пішіндерді өз қалауы

Бекітемін
ЖШС «Нұрби» Мектеп-
бөбекжай-бақша кешені»
менгерушісі

М.Мираманова
« » 2023 ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022/2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы ЖШС «Нұрби» Мектеп- бөбекжай- бақша кешені»

Топ/сынып: ерте жас тобы

Бала жасы: бір жастағы балалар

Кезеңі: ақпан 2023 ж

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар</p> <p>Жүру. Ересектің көмегімен модульге (биіктігі 10–15 сантиметр) шығу және одан түсу, еденде жатқан лентадан (арқаннан, таяқтан) аттап өту.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Шағын саты бойымен жоғары-төмен өрмелеуді дамыту (биіктігі 1 метр).</p> <p>Домалату, лақтыру. Допты екі қолмен алға лақтыру, допты алға домалату (отырып, тұрып), допты (диаметрі 6–8 сантиметр) төменге, қашықтыққа лақтыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Тамақтанар алдында және лас болған кезде қолды жууды, қою және сорпа тағамдарды қасықпен өз бетінше жеуді, ересек адамның көмегімен майлықты қолдануды үйренуді жалғастыру.</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулары. Саусақтарды бүгуге және созуға, саусақтарды қысуға және ашуға, саусақтармен ұсақ заттарды ұстауға үйрету</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөзді түсіну. Тұрмыстық және ойын әрекеттерін (жуыну, қыдыру); заттардың түстерін (қызыл, көк), қарама-қарсы өлшемдерді (үлкен, кіші), фигураларды (текше, кірпіш) білдіретін сөздерді түсіну.</p> <p>Белсенді сөйлеуді дамыту. Ересектердің сөздерін тыңдауға, «Бұл кім?», «Бұл не?», «Не істеді?» деген қарапайым сұрақтарға жауап беруге, ыммен, қимылдар арқылы көрсетуден біртіндеп сөзбен айтуға көшуге, екі сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға баулу.</p>
Көркем әдебиет	Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту; оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқылуына мән беру, жалпақ және көлемді иллюстрациялары бар кітаптарды қарауға тарту.
Сенсорика	Заттардың көлеміне (үлкен, кіші), түсіне (қызыл, көк) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер (ашу - жабу, өткізу - шығару, домалату, қадау, сабақтау, қою, байлау, төсеу) жасау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Өлі табиғат заттарымен (су, құм, тас) таныстыруды жалғастыру, олармен әрекетті көрсету (сүмен жуыну, құммен ойнау, тастарды жинау).
Мүсіндеу	Жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеуге баулу.
Музыка	Музыкамен жүруге, қарапайым би қимылдарын көрсетуге (аяқты топылдату, аяқтан аяққа ауысу, қол шапалақтау, сылдырмақты сылдырлату) үйрету.

Бекітемін
ЖШС «Нұрби» Мектеп-
бөбекжай-бақша кешені»
менгерушісі

М.Мираманова

« » 2022 ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022/2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары


Білім беру ұйымы ЖШС «Нұрби» Мектеп- бөбекжай- бақша кешені»

Топ/сынып: ерте жас тобы

Бала жасы: 1 жастағы балалар

Кезеңі: қазан 2022 ж

Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар</p> <p>Жүру. Нысанаға дейін тура жолдың бойымен (ені 25–30 сантиметр, ұзындығы 2–3 метр) жүру, ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен жүру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Доғаның, орындықтың астынан төрт тағандап 2 метр қашықтыққа дейін еңбектеп өту. Шағын саты бойымен жоғары өрмелеу.</p> <p>Домалату, лақтыру. Допты бір қолмен және екі қолмен ұстауды дамыту, көлемдері әртүрлі доптар мен шарларды жинау.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға, қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге үйретуді жалғастыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығу. Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бұғу және қайта жазу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөзді түсіну. Учить показывать и называть отдельные части своего тела и игрушек-животных (руки, ноги, голова, рот, глаза, уши).</p> <p>Белсенді сөйлеуді дамыту. Дыбыстық тіркестер мен сөздерге еліктей отырып, дыбыстауды жетілдіру. Белсенді сөздікті жақын адамдардың атауларымен (ана, әке, ата, әже), күнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың атауларымен (кесе, төсек, үстел, аю, қуыршақ) толықтыру.</p> <p>Белсенді сөйлеу. Дыбыстық тіркестерді жалпы қолданыстағы сөздермен ауыстыруға (бәә – бота, мәә – қозы, мөө – бұзау, мээ – лақ, мияу – мысық, аб-аб – ит), туыстық атауларды (аға, апа, тәте, көке), төрт түліктің (ат, тай, бота), жиі қолданылатын азық-түлікті (нан, шәй, май, сүт, көже) білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу.</p>
Көркем әдебиет	Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, әңгімелерді, ертегілерді тыңдай білуге үйрету.
Сенсорика	Заттарды ұяға олардың мөлшеріне немесе пішініне сәйкес орналастыру бойынша тапсырмаларды орындау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру. Фотосуреттерден өзін, құрдастарын тану. Өзіне жақын ересектер мен құрдастарына жағымды қарым-қатынас таныту (күлімсіреу, басын изеу, қолын бұлғау)..
Мүсіндеу	Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту. Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу.
Музыка	Көңілді және баяу музыкамен таныстыру. Мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңіл-күйін эмоционалды қабылдауды үйрету

Бекітемін
 ЖШС «Нұрби» Мектеп-
 бөбекжай-бақша кешені»
 меңгерушісі

 М.Мираманова
 « » 2022 ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022/2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұрби» Мектеп- бөбекжай- бақша кешені»
 Топ/сынып: ерте жас тобы
 Бала жасы: 1 жастағы балалар
 Кезеңі: қыркүйек 2022 ж

Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға жағдай жасау. Тура жолдың бойымен (ені 25-30см, ұзындығы 2-3м) жүру, ересектің көмегімен және көмегінсіз гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) жүру, ересектің көмегімен жәшікке (биіктігі 10–15 см) шығу және одан түсу, еденде жатқан лентадан (арканнан, таяқтан) аттап өту. Мәдени-гигиеналық дағдылар: - баланы жуынудың қарапайым дағдыларына, киінуге, шешінуге және түбекке сұрануға үйрету;</p> <p>- ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу, беті-қолының, мұрнының кірлегенін байқауды, оларды жууды, сүртуді, дымқыл киімін шешуді үйрету. Ауа ванналары күніне бірнеше рет киіну-шешіну кезінде қолданылады, ауа ванналарының ұзақтығы 2-3 минуттан, 6-10 минутқа дейін ұзартылады.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) балаларды шынықтыруды күні бойы және ұйқыдан соң киіндіру кезінде де жүзеге асыру; 2) киіміндегі олқылықты байқай білуге тәрбиелеу, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіруді, ұқыптылыққа және тазалыққа рахаттану сезімдерін дамыту; 3) медицина қызметкерінің жетекшілігімен ауада және суда шынықтыру шараларын жүргізу; 4) күнделікті шынықтырудың бір түрі - суды ағызып, қолын шынтаққа дейін жуу. <p>Бөлме температурасы +22°С төмен емес жағдайда баланың денесі толық немесе денесінің бір бөлігі сумен шынықтырылады;</p> <p>5) арнайы шынықтыру шаралары (ұсынылған тәсілдердің біреуі қолданылады): беліне дейін және бүкіл денесін дымқыл шүберекпен сүрту. Судың температурасын +36°С бастап +28°С жеткенге дейін біртіндеп төмендету (4–5 күн сайын 2 градусқа төмендету). Денесінің белгілі бір бөлігін сүртінде су температурасын +35°С бастап +23°С дейін (4 күн сайын 2 градусқа төмендету) төмендету, контрастылы температурадағы жылы, салқын су құю: басында су температурасы +36°С бастап +25°С дейін, соңында +38°С бастап +18°С дейін төмендетіледі.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>баланың ауыртпалықсыз және уақытылы әлеуметтенуі;</p> <ul style="list-style-type: none"> – оны жалпы қабылданған қарым-қатынас нормаларына, құрдастары мен ересектер арасындағы өзара қарым-қатынасқа баулу; – тыңдау мәдениетін қалыптастыру; – сөздік қорды дамыту; – тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету. <p>1) өзінің жақын туыстарының есімін, киім, жиһаз, ыдыс-аяқтардың, кейбір көлік</p>

	құралдарын, бірнеше таныс жануарлар мен өсімдіктерді атауды; 2) өзінің (қол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ) және ойыншық-жануарлардың дене мүшелерін ажыратып, атай білуді үйрету.
Көркем әдебиет	- шығармаларды тыңдау, мазмұны бойынша түсінікті ертегілер, әңгімелер, өлеңдер, тақпақтарды түсіну үшін жағдай жасау; - шығарма кейіпкерлеріне деген жанашырлық сезімдерін, халық шығармалары, тақпақтар, өлеңдердің ырғағы мен әуенділігіне эмоционалды түрде жауап беруді қалыптастыру. - шағын қарапайым мазмұнды әңгімелерді, тақпақ, бесік жырларын сурет, ойыншық, түрлі әрекеттер және аудио-бейнематериалдар арқылы тыңдау мәдениетін және оларды түсіну дағдыларын қалыптастыру; - көркем мәтінді тыңдау және оның мазмұнын белсенді қабылдау дағдыларын дамыту.
Сенсорика	сенсорлық қабілеттерін қалыптастыру; - бейнелі-қимылды ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту. - бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға: жаю және жинастыру, алу және салу, шарлардың түрлі түсті тығындарын қорапқа, шелекке ауыстырып салу, оларды еңіс жазықпен сырғанатуды үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру	қоршаған орта туралы білімін кеңейту және байыту; - тірі және өлі табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктерін қалыптастыру; - жануарлар әлеміне қамқор қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу; - тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.
Сурет салу	- өнімді әрекеттерге қызығушылықтарын ояту; - балалардың байқампаздығын дамыту; - көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту; - қоршаған орта туралы түсініктерін және сенсорлық қабілеттерін қалыптастыру; - сурет салуға балалардың қызығушылығын тәрбиелеу; - балаларды бояулардың ашық түстерін эмоциялы қабылдауға, қарындаштармен, фломастерлермен сурет салуға, қағаз бетін ашық түсті дақтармен, жақпалармен толтыруға бояу жағылған саусақпен қағазға сурет салуға үйрету.
Мүсіндеу	өнімді әрекеттерге қызығушылықтарын ояту; - балалардың байқампаздығын дамыту; - көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді,
Музыка	көрнекі-қимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту; - музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылықтарын қалыптастыру; - балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңіл күйіне эмоционалды үн катуды, оларды сәйкес қимылдармен алдымен ересектің көрсетуімен, кейіннен әннің сөзі бойынша орындауды үйрету.